




АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (2)

Сот талқылауының түпкілікті болуы





Дәріс сабағының сұрақтары

1. Түпкіліктіліктің қасиетті процестік қағида ретінде танылуы
2. Сот талқылауының түпкіліктігі және тиімділігі арасындағы байланыс
3. Талап негіздемесіне қарсылық білдіруге тыйым салу (Cause of Action Estoppel)
 - 3.1. Талап негіздемесіне қарсылық білдіруге тыйым салудың сипаты;
 - 3.2. Сырттай шешімдер;
 - 3.3. Res Judicata (Шешілген мәселе): Елеулі процедуралық бұзушылықтарға жол бермеу;
 - 3.4. Қосылу рәсімдері немесе балалардың әл-ауқатына қатысты сот талқылаулары;
 - 3.5. Кәсіптік тәртіптік іс жүргізу;
 - 3.6. Шетелдік сот шешімдері: Ағылшынша қайта қарау мүмкінсіздігі.

1. ТҮПКІЛІКТІЛІКТІҢ ҚАСИЕТТІ ПРОЦЕСТІК ҚАҒИДА РЕТІНДЕ ТАНЫЛУЫ

Бұл жерде қарастырылатын негізгі мәселе сот шешкен мәселелер бойынша тараптар арасындағы дау бойынша шешімдердің міндеттілігі болып табылады. Бұл «estoppel per rem judicatam» немесе «res judicata» (шешілген мәселе) ретінде белгілі. Эстоппельдің (қарсылықтарға тыйым салу) бұл нысаны бірдей тараптардың арасындағы бір талапты немесе мәселелерді дәйекті түрде қарауға кедергі келтіреді. Бұл «талап қою немесе алып тастау туралы мәселеге» қатысты болып табылады.

Негізгі максима (қағидат) келесідей:

- «nemo debet bis vexari pro una et eadem causa», яғни, «ешкім де бір мәселеге байланысты екі рет мазаланбауы тиіс» және
- «interest res publicae ut finis litium sit» — «қоғам мүддесі үшін сот процестері аяқталуы тиіс».

«Res judicata» доктринасы әртүрлі көріністерге ие:

- талап негіздемесіне эстоппель — талап негіздемесіне қарсылық білдіруге тыйым салу (Cause of Action Estoppel);
- белгілі бір мәселе бойынша эстоппель — шешілген мәселе бойынша қарсылықтарға тыйым салу, (issue estoppel);
- қосылу доктринасы — талап шеңберіндегі бір оқиғадан туындайтын өтемақыға байланысты барлық талаптарды білдіру қажеттілігі (doctrine of merger).

Сонымен қатар, азаматтық сот ісін жүргізуді тоқтатуға ұмтылу ағылшын соттарының кеңейтілген қағидатты мойындауларына түрткі болды. Мәселен, *Henderson v. Henderson* ісі (1843) жөніндегі ереже тараптардың сот талқылауында барлық негізделген ыңғайлы мәселелерді бастапқы талапта айқындауларын талап етеді. Сондай-ақ, келесі сот талқылауы барысында алдыңғы уақытта қаралуы ыңғайлы болған мәселелерді көтеруге жол берілмейтін.

Шын мәнінде, «эстоппель» жалпы доктрина болып табылады, бірақ ағылшын құқығында эстоппельдің көптеген нұсқалары бар. Ол бір тараптың сөзбен немесе жүріс-тұрысымен сипатталатын өкілдік етуге сәйкес келмейтін әрекеттеріне жол бермейді. Бұл тұжырымдама УНИДРУА халықаралық шарттарының қағидаларымен танылды. Дәлірек айтсақ:

Эстоппельдің мәні УНИДРУА халықаралық коммерциялық шарттары (Рим, 2004 жыл) қағидаттарының 1.8-бабында айқындалды:

«Кез-келген тарап басқа тараптың тудырған және оның негізінде осы екінші тарап оған келтірілген зиянға сүйене отырып, ақылға қонымды түсінікпен қарама-қайшы әрекет ете алмайды».

Бірінші сатыдағы ағылшын судьялары (олардың жоғары сотта немесе бірінші сатыдағы неғұрлым төмен инстанциядағы сотта отыратынына қарамастан) қарсылас материалдар мен дәлелдемелерді мұқият зерделеп, сараланған шешім шығарады. Бұл ретте, соттардың түпкіліктілік қағидасына баса назар аударғаны таңқаларлық емес. Сондықтан, *Smith v. Brough* (2005) Брук ЭлДжей келесідей тұжырымдаманы атап өтті: «біздің ортақ құқығымыздың іргелі қағидасы – сот талқылауының нәтижесі түпкілікті болу міндеттілігінде. Дәл сол істе Арден ЭлДжей келесіні атап өтті:

«Сот процесін аяқтауға тек жұртшылық қана қызығушылық танытпайды. Табысты талапкерлер,



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (2)

Дәріс: Сот талқылауының түпкілікті болуы

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

сондай-ақ, шешімнің түпкіліктігіне мүдделі және олар сотта жеңіп, шағым беру уақыты өтіп кеткенде, іс жабылуын күтуге құқылы болып табылады».

Лорд Саймон *Amphill Peerage* (1976) ісіндегі белгілі бір Пэр ұлының заңдылығы жайлы мәлімдей отырып, сот шешімін даулау талпынысын қабылдамағанда, түпкіліктілік қағидасына сілтеме жасады. Лорд Саймон атап өткендей:

«Алдағы күреске деген ұмтылыс қандай болса да, мәселелер қаншалықты маңызды, дәлелдемелер қаншалықты кең болғанымен, қоғам сөзі өзгеріссіз болып табылады: «Біз сіздің қарсылықтарыңыз тыңдалған соттарды қамтамасыз еттік. Сот шешімі сәйкес шығарылған заң кодексын әзірледік. Судьялар мен алқабилер қателік жасай алатын адамдар болып табылатындықтан, сол қателіктерді түзету үшін мүмкіндігінше барын жасайтын апелляциялық соттарды ұсындық. Алайда, ақыр аяғында сіздер шешілген мәселені қабылдауыңыз жөн. Жетер.» Заң да дәл солай қайталайды: “*res judicata*, мәселе шешілді.” Сот шешімі факт ретінде қабылдануы тиіс, онымен міндеттелетін адамдармен қайта ашыла алмайтын эстоппельді тудырады. Азаматтық даулар, шаңқиған дауыстар (сотқа жіберілсе де) тоқтатылуы тиіс».

Лорд Уиберфорстың да дәл осы іске байланысты қосқаны бар:

«Ағылшын құқығы және барлық салыстырмалы құқықтық жүйелер азаматтардың дауларды қайта ашу құқығына шектеулер белгілеуді талап етуді маңызды қағидаттар санатына жатқызады деп айтуға болады... Даулы фактінің кез келген анықтамасы, заңда айқындалғандай, жетілмеген деп танылуы мүмкін: заң адам қателігімен үйлесімді ең жақсы және қауіпсіз шешімді қамтамасыз етуге бағытталған және осы шешім қабылданған соң, кітап жабылады».

Америка құқық институты мен УНИДРУА қағидаттарында түпкіліктілік қағидаты айқындалған, атап айтқанда:

- «талапты алып тастау» тұжырымдамасы;
- «мәселені алып тастау»;
- егер апелляциялық іс жүргізу басталған болса да, бірінші сатыдағы соттың шешімі дереу орындалуға тиіс екендігі туралы презумпция. Яғни, бірінші сатыдағы сот немесе апелляциялық сот өз бастамасы бойынша немесе қандай да бір тараптың өтініші бойынша әділ сот мүддесінде шешімнің орындалуын оған шағымданғанға дейін тоқтата алады.

Осы қағидаттарды жасаушылардың бірі, Штюрнер, Рим құқығының алғышарттарын, неміс құқығын, ағылшын және американдық қағидаттарын, осы тақырып бойынша Еуропалық Әділ соттың прецеденттік құқығының қағидаттарын, Француз құқығы мен Жапон құқығын зерттей отырып, түпкіліктілік қағидатының терең салыстырмалы талдауына өз үлесін қосты. Ол американдық заң институты/УНИДРУА қағидаттарындағы талап-арыздың тар саласына қатысты негіздемені келтіріп, қорытынды жасайды. Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенцияның (1950) 6(1) бабы контекстінде *Merchant International Co Ltd v. Natsionalna Aktsionerna Kompaniya Naftogaz Ukrayiny* (2012) ісінде ағылшын апелляциялық сотымен түпкіліктілік қағидасының және «құқықтық айқындылық» тұжырымдамасының трансұлттық резонансы атап өтілді. Тулсон ЭлДжей ағылшын шешімін үшінші тұлғалар сенім арта алатын «актив» деп атады.

2. СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНЫҢ ТҮПКІЛІКТІГІ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Жиынтығында түпкілікті және тиімді әділ сот қағидаттары тек риторикалық күші бар, сот талқылауының нысанасы болып табылмайды, олар адам құқықтарының сенімді қорғалуын қамтамасыз етеді.

Түпкіліктілікке қатысты, «*res judicata*» қағидаты екі тараптың әлеуетті пайдасына жұмыс істейді.

Ақша төлеу туралы талап қоюға, не сот тыйым салуын, не арызды беруге, немесе мүлікті қайтарып алуға мүмкіндік алған, істі жеңіп шыққан талапкер үшін түпкіліктілік қағидаты жауапкердің (немесе осы тараптың құқықтық мирасқорларының) кері қайтып оралмауына кепіл болады. Оның орнына шешім өз күшінде қалады, демек, мәжбүрлеп орындату үшін мүмкіншілік тудырады.

Алайда, түпкіліктілік қағидасы, сондай-ақ, жеңіске жеткен жауапкерге да пайда әкелуі мүмкін. Себебі, бұл тарап талапкер (және осы тараптың мұрагерлері) жаңа шайқас жүргізе отырып, оның жеңісін жоққа шығара алмайтынына сенімді бола алады.

Түпкіліктілік қағидасы жайлы келесідей қорытынды жасауға болады: табысты болған қорғау, негізінен,



жауапкершілікке тартпау туралы мәлімдеме болып табылады. Осыған ұқсас факторларға байланысты, бірінші сатыдағы сот өз қаулыларының бірін өзгертуге немесе жоюға кең өкілеттіктерін пайдаланған кезде сақтық танытады.

Алайда, түпкіліктілік қағидасы неғұрлым жалпы мемлекеттік саясатқа және тиімді әділеттілікке қол жеткізуге барынша кең жеке мүдделілікке негізделеді.

«Тиімділік» қағидаты сот процесі кезінде тараптардың, адвокаттардың немесе бөгде адамдардың болсын, азаматтық процесті қиындатуын, тоқтатпауын және елеулі бұзбауын талап етеді. Бұл қағиданың көптеген салдары бар. Оларға мыналар жатады:

- іс жүргізу нормаларын сақтамағаны немесе бағынбағаны үшін санкциялар;
- заңсыз іс-әрекеттердің кең шеңберіне қатысты санкцияларды, атап айтқанда іс бойынша адал емес арыздардың, жалған айғақтар мен әділ сот барысына араласудың, соттың қателесуіне әрекеттестік жасауды қоса алғанда (мысалы, куәлардың ісіне араласу арқылы) қарсы санкцияларды көздейтін сотты құрметтемеу доктринасы;
- сот талқылауы немесе қандай да бір басқа тыңдау барысында көрінеу жалған айғақтар берген куәға қатысты қылмыстық санкцияны көздейтін жалған куәлікке қатысты нормалар.

Бұл ретте жалған куәлік сот алдындағы өтірік айғақтарды қамтиды, жалған куәлік ету қылмыстық процесс контекстінде әлдеқайда кең таралған болса да, азаматтық істерде де көптеп кездеседі: мәселен, 1999 жылы парламенттің бұрынғы мүшесі Джонатан Эйткен, диффамация туралы іс бойынша жалған куәлік үшін оған айыптау үкімін шығарғаннан кейін түрмеге қамалды, ал Парламенттің басқа бұрынғы мүшесі лорд Арчер сол қылмыс үшін дәл сондай жағдайға тап болды:

- активтерге заңсыз билік ету арқылы алдауға жол бермеу үшін талап қоюға дейін, сот шешімі шығарылғанға дейін немесе одан кейін болсын, соттардың тыйым шығару өкілеттігі;
- сот шешімдерін немесе басқа да қаулыларды орындау рәсімдері.

Осы тұрғыдан халықаралық деңгейдегі іс жүргізу тиімділігі тұрғысынан «тиімділік» қағидатының танылуы келесідей: «ақшалай шешімдерді, шығындарды, тыйым салуларды және уақытша шараларды қоса алғанда, сот шешімдерін жедел және тиімді орындауға арналған рәсімдер болуы тиіс»: американдық заң институты/УНИДРУА (міндетті емес) қағидаттары.

Тиімділік принципі іс жүргізу нормаларын теріс пайдалануға, яғни сот процесінде тараптардың, адвокаттардың, бөгде адамдардың немесе соттардың тарапынан іс жүргізу айла-амалдарына, бұрмалауға немесе бұзушылықтарға қарсы күресу қажеттігін де қамтиды. Рәсімдеуді теріс пайдаланудың негізгі мысалы – негізсіз немесе кем дегенде табыстылығы екіталай болып табылатыны белгілі талаптар немесе қарсылықтарды ұсыну болып табылады. Басқа мысалдар: сот алдындағы антпен жалған айғақтар беру, жалған куәлік ету немесе сараптамалық қорытындыларды жаңылыстыруға әкеп соғатын айғақтар беру, құжаттарды әдейі толық ашпау, сот талқылауы барысында жалған айғақтар беру немесе орындау процесін бұзу үшін басқа куәларды жалған айғақтар беруге итермелеу немесе мүлікті талапкердің қол жетімділігінен тыс жерге орналастыру болып табылады.

Енді ағылшын құқығындағы *res judicata* эстоппельдің екі түрі – «талап негіздемесіне (cause of action)» және «шешілген мәселе бойынша қарсылықтарға тыйым салу (issue estoppel)» арасындағы айырмашылықты қарастырған жөн.

3. ТАЛАП НЕГІЗДЕМЕСІНЕ ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРУГЕ ТЫЙЫМ САЛУ (CAUSE OF ACTION ESTOPPEL)

3.1. ТАЛАП НЕГІЗДЕМЕСІНЕ ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРУГЕ ТЫЙЫМ САЛУДЫҢ СИПАТЫ

«Талап негіздемесіне эстоппель» - кейінгі іс талқылауындағы талап-арызының негізі алдыңғы сот талап-арызымен бірдей және даудың екі тараптарына (немесе олардың мүдделі тұлғалары мен құқық мирасқорларына) қатысты ұқсас болғанда туындайды. Эстоппельдің бұл түрі шешімді даулау үшін алаяқтық немесе сөз байласу анықталмағанда, алдын ала талқылау барысында шешім қабылданған тармақтар бойынша, қайта сот талқылауына кедергі жасайды.

Лорд Кейт бұны *Arnold V. National Westminster Bank* ісінде былайша тұжырымдады:



«Талап негіздемесіне эстоппель» - кейінгі іс талқылауындағы талап-арызының негізі алдыңғы сот талап-арызымен бірдей, соңғы іс бірдей талаптардың немесе олардың мүдделерінің арасында және бірдей затты қозғағанда туындайды. Мұндай жағдайда, бұрын шығарылған шешімнің күшін жою үшін, адвокатураның алаяқтығы немесе сөз байласуы бекітілген жағдайларды қоспағанда, барлық шешілген мәселелер абсолютті болып табылады. Алдыңғы талқылау барысында пайдалану үшін ақылға қонымды жолмен табылмаған жаңа нақты материалды ашу, Англияның заңнамасына сәйкес, істің кейін қайта талқылану мүмкіндігін жояды.

Melee Ltd v. Cinpres Gas Injection Ltd ісінде (2008) апелляциялық сот алаяқтықтан (және сөз байласудан) басқа, талап негіздемесіне қарсылықтарға тыйым салу үшін, бірыңғай жағдай жоқ екенін растады. Алайда, Spicer v. Tuli (2012) ісі бойынша апелляциялық сот талап негіздемесіне қарсылақтарға тыйым салу мүмкіндігін зерттеуге дайын болды. Сот оның мүмкін еместігін қаулы етті, себебі талап-арыздан бас тарту ниеті болмағандығы анық еді. Edgerton v. Edgerton (2012) ісі бойынша, алаяқтыққа негізделген қарсылық білдіру, даулаушы тарапынан талабының негіздемесіне қарсылақтарға тыйым салудың себебі болды, алдында шығарылған шешімді жою жөнінде шаралар қабылдауды талап етеді деп мәлімденеді.

Талап негіздемесіне қарсылық білдіруге тыйым салудың алты элементі бар:

1. Ішкі немесе шетелдік шешім тиісті мағынада сот шешімі болып табылуы;
2. Оның іс жүзінде жариялануы;
3. Трибунал тараптарға және талап мәніне қатысты юрисдикцияға ие болуы;
4. Шешім: (а) түпкілікті [ол өзіне қараудағы мәселе бойынша, орындалуы міндетті шешімді қамтуы мүмкін, мысалы әлі бағаланбаған шығындармен жауапкершілікті тағайындау немесе талап қоюға алдын-ала тыйым салу мәселесі бойынша шешім]; (б) мәні бойынша [сол себепті, мысалы, рәсімді сақтамағаны үшін талап-арыздың ауытқуы *res judicata*-ға әкелмейді.] болуы;
5. Соңғы сот талқылауында көтерілген мәселені анықтауы;

дәл сол тараптар немесе олардың мүдделі тұлғалардың арасында немесе бұрынғы шешім абсолютті болуы.

Талап негіздемесіне эстоппель азаматтық істер бойынша сот шешімдеріне (түпкілікті шешім немесе тиісті түрдегі келісу тәртібі болсын) немесе трибунал сот шешімдеріне (соның ішінде жарғылық немесе жарғысыз тәртіптік трибуналдары) сондай-ақ төрелік шешімдеріне қатысты болуы мүмкін. Және де талап негіздемесіне эстоппель халықаралық жеке құқықтың, ағылшын нормаларына сәйкес танылған, шетелдік соттың шешімдеріне қатысты болуы мүмкін.

3.2. СЫРТТАЙ ШЕШІМДЕР

Мұндай шешім *res judicata* (түпкілікті шешімге) әкелуі мүмкін, бірақ мұнда бұл доктрина тар контексте қолданылады. Мұндай шешімнің сақтық шарасы сот шешімінің «міндетті түрде және толық дәлдікпен» қамтылған, сырттай шешім қабылданған мәселелермен шектеледі. Бұл шектеу тәсілінің негіздемесі келесідей:

- «сырттай шешімдер» мәні бойынша шешімдерді қамтымайды;
- шешімнің мұндай түрі келісім туралы шешімнің нысаны ретінде қарастырыла алмайды;

«Сырттай шешім, бір жағынан, келісім бойынша шешімнің басқа түрі ретінде ғана қаралуы мүмкін болғандықтан... сондай-ақ даулы іс барысында немесе тараптардың келісімімен немесе үнсіз келісімі бойынша қабылданған шешімнің барлық салдарларына әкеп соқтыруы мүмкін, екінші жағынан - «сырттай шешім» жауапкердің, белгіленбеген себептер бойынша, ұқыпсыздық немесе немқұрайлық бойынша талап-арызбен жүгінгенін білдіреді».

Сырттай шешім шығарылған жауапкер оның күшін жою туралы өтініш жасай алады. Алайда бұл өтініш сәтсіз болатыны сөзсіз. Осы ретте ол сотты істің мәні бойынша жақсы қорғауының бар екеніне сендіруге тырысады. Осындай сәтсіз әрекет белгілі бір мәселе бойынша эстоппель (*issue estoppel* - шешілген мәселе бойынша қарсылықтарға тыйым салу), талапкердің пайдасына шешілуіне сирек әкеледі. Бұл, әдетте, сот істің бастапқы сатысында және істің мәнін барынша дәлдікпен қарастыруына дейін, жауапкердің өтінішін қабылдамайтындығымен түсіндіріледі. Бұдан басқа, сырттай шешімнің күшін жоймау туралы сот шешімі дискрециялық болып табылады және істің мәнінен көбінесе басқа факторларға негізделеді.



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (2)

Дәріс: Сот талқылауының түпкілікті болуы

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

Осы себептерге байланысты соттың «мәселе» бойынша болжанған шешімі нақты күш пен сенімдікке ие емес. Бұл, егер бірінші талап бойынша жауапкер, кейінірек екінші талап бойынша талапкер болып, содан кейін бірінші талап-арызда өзара есеп ретінде бұрын қабылданбаған шешімді қайтадан даулауға тырысса, маңызды болады.

3.3 RES JUDICATA: ЕЛЕУЛІ ПРОЦЕДУРАЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ЖОЛ БЕРМЕУ

Осы негізде (немесе жалпы процедуралық бұзушылық) іс қозғаудан бас тарту туралы шешім *res judicata* мәлімдемесі үшін негіз болып табылмайды. Азаматтық іс жүргізу ережелеріне сәйкес соттардың ұзақ сот процестерін жоюға деген көзқарасы өзгерілді. Атап айтқанда, қазіргі уақытта апелляциялық сот процесті теріс пайдалану негізіндегі бірдей мәселе бойынша кез келген жаңа өтінішті қабылдамау мүмкіндігі жайлы қаулы шығарды.

3.4 ҚОСЫЛУ РӘСІМДЕРІ НЕМЕСЕ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНА ҚАТЫСТЫ СОТ ТАЛҚЫЛАУЛАРЫ

Мұндай талқылаулар *res judicata* шағымдануына жатпайды. Жалпы жоспарда бұл доктрина балалардың әл-ауқаты: қорғаншылық және қамқоршылық сияқты мәселелері бойынша талқылауға қатысты азаматтық талап-арыздарға қолданылмайды. Мұндай жағдайларда, мемлекеттің түпкілікті нәтижені қолдау саясаты – жоғары қоғамдық мүдделерге, атап айтқанда, әкелікті анықтау және белгілеу, сондай-ақ балалардың әл-ауқатын қорғау және ынталандыру ұмтылысына жауап береді.

3.5 КӘСІПТІК ТӘРТІПТІК ІС ЖҮРГІЗУ

R (Coke-Wallis) v. Institute of Chartered Accountants in England and Wales (2011) ісінде бірінші тарап екінші тарапқа қарсы тәртіптік сот өндірісінде, тиісті құқық бұзушылық түрлерін көрсетпегендіктен жеңіліске ұшырады. Нәтижесінде, Тәртіптік трибунал кәсіби емес жүріс-тұрысқа байланысты тағылған айыптау бойынша оны ақтады. Қазіргі уақытта Институт құқыққа қайшы әрекеттерге байланысты *Coke-Wallis* компаниясына қарсы екінші сот өндірісін қозғауға тырысуда.

Coke-Wallis (2011) ісінде Жоғарғы сот Институттың *res judicata* себебінен рұқсат берілмейтінін жариялады. Істі қараудың бірінші кезеңінде кәсіби қызметкерлер тарапынан заңсыз іс-әрекеттер белгілері анықталмағандығы туралы шешіміне байланысты, талап негіздемесіне қарсылық білдіруге тыйым салынды. Институт ұсынатын екінші процессуалдық іс-әрекеттер кешені шағым беру үшін бірдей фактілердің жиынтығынан туындайтын негіздерді қамтитын болды. Бірінші шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы түпкілікті шешім шығарылды. Тиісінше, бірінші шағымды қабылдамау, екінші шағымды қарау үшін абсолютті түрде кедергі келтірді.

Сондай-ақ, Жоғарғы сот мәлімдеуі бойынша, жаман беделге ие мамандарды «ұстау және бейтараптандыруға» деген қоғамдық мүдделілікке негізделген, *res judicata*-ға қатысты жария тәртіпке ескертпе мәселесін тек Парламент қана шеше алады. Бұл жағдай бірінші тәртіптік іс қарау барысында кейбір техникалық ерекшеліктерге байланысты ғана тізілімнен «алып тасталынбады». Сондай-ақ, бұл жұртшылықты жарамсыз кәсіпқойлардан қорғау үшін белгілі бір жағдайда қажеттілікті мұқият бағалауды талап етеді. Осы мақсатқа жету үшін *res judicata*-ның кенет және жаппай әлсіреуі қиындықтар мен қайшылықтарға әкеп соғуы мүмкін. Осы жайында Лорд Кларк былай деді:

«Әртүрлі жағдайларда әртүрлі ойлар пайда болуы мүмкін және қандай қадамдар жасау керектігі тиісті мамандыққа байланысты саясат мәселесі. Парламент нақты ережелер қабылданғанға дейін тиісті кәсіп өкілдерімен консультациялар өткізуді орынды деп есептеуі мүмкін».

3.6. ШЕТЕЛДІК СОТ ШЕШІМДЕРІ: АҒЫЛШЫНША ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНСІЗДІГІ

Жалпы құқықта, шетелдік сотта талап қоюшының пайдасына немесе өзгеше түрде шешім шығарылған, бір талап-арыздың ағылшын азаматтық сотында қайта талқылауына тыйым салу жоқ. Себебі, сот шешімі негізінде бірігу туралы доктрина шетел соттарының шешімдеріне қолданылмайды. Алайда, жалпы құқықтың бұл нормасы төмендегілерді көздейтін жарғымен жойылды:



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (2)

Дәріс: Сот талқылауының түпкілікті болуы

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

Біріккен Корольдіктің басқа бөлігіндегі немесе шетелдегі сотта бірдей тараптар немесе олардың мүдделі тұлғалары арасындағы сот талқылауына қатысты шешім шығарылған талап бойынша Англия, Уэльс немесе Солтүстік Ирландияда істің қайта қозғалуына жол берілмейді. Егер де тек шығарылған шешімді орындауға немесе Англия, Уэльс және Солтүстік Ирландиядағы жағдайларға байланысты мойындауға мүмкіндік болмаса.

Бұл жарғылық норма үш тәсілдің бірімен жойылуы мүмкін:

- келісім арқылы;
- «эстоппель» консенсуалды нысаны арқылы (яғни, ол «Конвенция бойынша эстоппельді» шақырған кезде тараптардың мінез-құлқына сілтеме жасау арқылы);
- үнсіз келісім жолымен.

Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина; Кембриджский ун-т. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
2. Кудрявцева Е.В. Гражданское судопроизводство Англии. - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
3. Кудрявцева Е.В. Современная реформа английского гражданского процесса: дисс. ... д.ю.н. – М., 2008. - 346 с.
4. Пучинский В.К. Гражданский процесс зарубежных стран / под ред. В.В. Безбаха. – М., 2008. - 506 с.